

ЖАС МАМАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКА БАРЫСЫНДА ШЫҢДАЛАДЫ

Бүгінгі таңда ғылыми-техникалық прогресс көз ілеспес жылдамдықпен қарыштап даму үстінде. Ғылым мен білімнің шексіздігі сонша, күнен-күнге жаңа инновациялық технологиялардың бірі қолданысқа тың жаңалық болып енсе, бірі әп-сәтте-ақ қолданыстан шығып қалып жатыр.

Әлемдік білім кеңістігінен орын алуды басты мақсат етіп ұстанған Қазақстанның білім беру саласы да үнемі жаңа реформалар жасау арқылы инновациялық технологияларды оқу үдерісіне кеңінен енгізуде. Олай дейтініміз, мемлекеттің дамуы мен өркендеуі сол мемлекеттің білім жүйесіне тікелей байланысты. Өйткені заманауи ғылым-біліммен мықтап қаруланған жас өрен ертеңгі елдің көшін сүйрейтін азамат екені даусыз. Осыны назарға ұстаған біздің елімізде білім беру жүйесі мен білім алушы жастарға деген мемлекеттік қолдау жылдан-жылға артып келеді. «Сауысқанның тамағы шоқуменен табылған, өнер, білім бәрі де оқуменен табылған» деп ұлы педагог Ыбырай Алтынсарин айтқандай, өнер де, білім де талмай іздену мен қажырлы еңбектің арқасында келетін байлық. Осы орайда отандық білім беру саласы білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға сай сапалы жаңа деңгейге шығара алатын инновациялық технологияларды педагогикалық практикада дамытып енгізуді кеңінен қолға алып отыр. Бұл дуальды оқу бағдарламасы арқылы жүзеге асырылуда.

Бұның басты ерекшелігі – бүгінгі студент ертеңгі бәсекеге қабілетті сапалы маман болып шығуы үшін теориялық білім мен практиканы қатар алып жүреді

деген сөз.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы білім беру жүйесінің басым міндеті ретінде «кәсіптік білім берудің жылдам бейімделуіне ықпал ететін оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кредиттік, қашықтықтан, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды енгізу қоғамның және еңбек нарығының өзгермелі қажеттіліктеріне сәйкес жүзеге асырылатыны атап көрсетілген.

Кәсіби педагогикада технологиялық тенденцияның пайда болуы кездейсоқ құбылыс емес. Өйткені атам заманнан педагогика ғылымы кәсіби мектептің педагогикалық үдерісте жоғары және тұрақты нәтижеге жету жолдарын іздестіріп келеді. Әлеуметтік жағдайлар мен талаптардың барлық өзгерістеріне бейімделе отырып, кәсіби педагогика жаңа тәсілдер, әдістер мен формаларды көбірек жасауға тырысты. Себебі педагогикалық тәжірибе болмаған жерде тәрбие мен білімнің қарыштап дамуы мүмкін емес. Сондықтан өткен ғасырларда да қалыптасқан көптеген ғылыми мектептердің шәкірт тәрбиелеу бағыты педагогикалық тәжірибеге негізделді.

Осы орайда қазақ білімінің қара шаңырағы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті сапалы педагог даярлау үшін мына үш қағиданы басшылыққа алып отырғанын атап айтуымыз қажет.



Ол, біріншіден, мұғалімдердің біліктілігін үзбей жетілдіріп отыру, екіншіден, студенттердің практикалық білімін көтеру, үшіншіден, жаңартылған білім мазмұны бойынша кадр даярлау. Міне, осы үш қағиданы тең ұстаған жағдайда біздің кадрларымыз мемлекет сұранысын қанағат ете алатын сапалы маман болатыны сөзсіз. Сондай-ақ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті 2019 жылғы Білім және ғылым министрлігінің ұсыныс-нұсқаулығын басшылыққа ала отырып, практикаға негізделген оқу жүйесіне қадам басты. Болашақ мұғалімдеріміздің заман талабына сай жан-жақты, мамандығына бейім, сапалы маман болып шығуы үшін былтырғы оқу жылының өзінде 95 білім беру мекемелерімен келісімшарт жасалды. Сонымен қатар I-II тоқсан қорытындысы бойынша білім алушылар тарапынан 603 ашық сабақ пен 158 іс-шара ұйымдастырылса, III тоқсан қорытындысы бойынша 593 ашық сабақ және 259 іс-шара өткізді.

Практика жұмысын жандандыру үшін біз орта білім беру ұйымдарында 10-15 жыл сынып жетекшісі болған ұстаздардан және ЖОО-ның білікті мамандарынан жұмыс тобын құрдық. Сонымен қатар еліміздегі бірқатар колледждермен де осы жұмысты жолға қойып келеміз.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті көп жылдардан бері Алматы мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжімен тығыз байланыста жұмыс істеуде. Әсіресе, соңғы екі жылда университет педагогикалық практиканы 1 жылға созып кезде колледж әкімшілігімен қоян-қолтық жұмыс атқарылды. Дуальды оқытудың элементтерін колледж бұрыннан пайдаланып келеді. Осы тәжірибемен бөлісу мақсатында колледж бен университет арасында оқу-әдістемелік жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табуда. Оған қосымша ретінде колледж туралы мынадай ақпараттар беруге болады.

Колледжде педагогикалық кеңеспен қатар алқалық басқару органдарының бірі – оқу-әдістемелік кеңес жұмыс істейді,

ол оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады және педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру бойынша жұмысты үйлестіреді.

Кеңес құрамына пәндік-әдістемелік комиссия жетекшілері, әдіскерлер, колледж директорының орынбасарлары, тәжірибелі оқытушылар кіреді.

Оқу-әдістемелік кеңестің негізгі міндеттері:

- оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету сапасының мониторингін ұйымдастыру;
- оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, оқу құралдарын және басқа да әдістемелік материалдарды баспаға ұсыну, сараптама ұйымдастыру, жоспарлау;
- колледж оқытушыларының педагогикалық тәжірибесін жинақтау және тарату;
- педагог кадрлардың біліктілігін арттыру, қайта даярлау және аттестаттау жұмыстарын ұйымдастыру;
- білім беруді дамыту және оны іске асырудағы басым бағыттарды қалыптастыру мәселелері бойынша



колледж оқытушылары қатарынан шығармашылық топтардың жұмысын ұйымдастыру;

– оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және педагог қызметкерлерге практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстың әр түрлі нысандарын енгізу мәселелерін қарау;

– элективті пәндер бағдарламаларын қарау және бекіту;

– оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу.

№2 Алматы мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық колледжінде педагогикалық шеберлікті арттырудың белсенді түрлерінің бірі пәндік-әдістемелік комиссиялардың қызметі болып табылады. Пәндік-әдістемелік комиссиялардың жұмысы ОӘК туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады және педагогтің тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді, өз білімін жүзеге асыру және кәсіби деңгейін арттыру үшін жағдай жасауға ықпал етеді, колледж оқытушыларының қала мен республиканың педагогикалық білім беру кеңістігіне белсенді қатысуын үйлестіреді. Колледждің барлық оқытушылары 5 ОӘК-ға біріктірілген:

- ОӘК тілдік пәндер
- Жалпы білім беру және әлеуметтік-экономикалық пәндер ЖМК
- Жалпы кәсіптік пәндер ОӘК
- Арнайы пәндер ОӘК
- Дене шынықтыру, БӘД және қосымша білім беру ЖМК.

Педагогтің біліктілігін арттыру білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз етудің міндетті шарты болып табылады.

Колледжде біліктілікті жүйелі түрде арттыру үшін барлық жағдай жасалуда. Оқытушылардың біліктілігін арттыру біліктілікті арттыру курстары арқылы, қалалық, аудандық, өңірлік семинарларға, конференцияларға, «дөңгелек үстелдерге», басқа да интерактивті нысандарға, сондай-ақ педагогикалық колледжішілік оқуларға, оқу-әдістемелік кеңестерге, кәсіптік семинарларға өндірістік оқу шеңберінде қатысу арқылы жүзеге асырылады.

Колледж бен университет арасын жақындатқан тағы бір мәселе – бұл бір жылдық практика. 2018/2019 оқу жылында 20 студентіміз колледж қабырғасында практикадан өтсе, 2020/2021 оқу жылында 43 білім алушы колледж қабырғасында тәжірибе жинады.

**Хайрулла ЖАНБЕКОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дің
Академиялық мәселелер
жөніндегі департаментінің
директоры, профессор**

АННОТАЦИЯ

В статье автор рассматривает систему практико-ориентированного обучения университета и тесное взаимодействие учебного заведения с Алматинским государственным гуманитарно-педагогическим колледжем, а также рассказывает о мероприятиях, проводимых в университете в области подготовки высококвалифицированных специалистов, отвечающих современным требованиям.